

UK 400

Ceresit

ПВХ ЖӘНЕ ТОҚЫМА ЖАБЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ЖЕЛІМ

ПВХ және тоқыма жабындарға арналған әмбебап су-дисперсиялық желім

ҚАСИЕТТЕРІ

- бастапқы жабысқақтығы жоғары;
- желімдеудің жоғары беріктігін қамтамасыз етеді;
- тоқыма жабындарды тазалауға төзімді;
- аунақшадағы орындықтардан түсетін жүктемеге шыдайды;
- жылытуы бар едендерде қолданыла алады;
- тасымалдау және сақтау кезінде желімнің қысқа мерзімді мұдап қатуына жол беріледі;
- құрамында органикалық еріткіштер жоқ;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

UK 400 желімі тұрғын және қоғамдық орынжайларда сіңіргіш негіздерге (бетон, цемент-құм және т.б.):

- гетерогендік және гомогендік ПВХ жабындарын;
- хлорвинил (ХВ) жабындарды;
- тоқыма жабындардың барлық түрлерін (полиуретаннан тұратын төсеніші бар жабындардан, модульдік кілем тақташалардан, сизальдік және кокос жабындарынан басқа);
- ПВХ-дан тұратын төсеніші бар тоз жабындарды төсеуге арналған.

Едендік жабындардың басқа түрлерін төсеу үшін, сондай-ақ сіңірмейтін негіздер жағдайында, басқа маркадағы Thomsit желімдерін қолдану ұсынылады.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 2.03.13-88 және ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Негіз жеткілікті берік, тегіс, жылтыр, түрлі ластанулардан және оған желімнің жабысқақтығын төмендететін заттардан (мастикалардан, желімдерден, майлардан, шаңнан және т.б.) тазартылған болуға тиіс. Негізге ақаулар (жарықтар, ойдымдар және т.б.) болмауға тиіс.

Негіздің ылғалдылығы:

- бетон негіздері үшін - 3% СМ;
- цемент-құм тұтастырғыштар үшін - 2% СМ;
- ангидрит тұтастырғыштар үшін - 0,5% СМ аспауға тиіс.

Дерекі кедір-бұдыр беті бар негіздерді алдын ала нивелирлеу қоспасымен ажарлау немесе тегістеу қажет.

Негіздерді тегістеу үшін Ceresit CN 69 нивелирлеу қоспасын пайдалану ұсынылады. Тегістеуіш қабатты желімді пайдаланар алдында астарлау ұсынылмайды.

Бетон, цемент-құм немесе ангидрит тұтастырғыштарды жабындарды желімдеу алдында СТ 17 астарымен өңдеу ұсынылады.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

UK 400 желімін зауыттық ыдыста жақсылап араластыру керек те негізге тісті қалақшаның көмегімен жағу керек.



Жабынды төсеуге желімді жаққаннан кейін 5-15 минут өткенде кіріседі (жабынның бу өткізгіштігіне байланысты).

Негізге жағылған желім 20-25 минуттан ұзақ ашық болып қалмауға тиіс.

Жабынды негізге тығыз қысып, жабынның астында көпіршіктер болмайтындай етіп арнайы құралмен ысқылайды (ПВХ жабындар жағдайында пробкалы тақтайды пайдаланады).

Қатты жабындардың шеттерін, қажет болған кезде, 10-20 минуттан кейін негізге қайтадан қысуға болады.

Жылытуы бар тұтастырғыштарда жабындарды еденнің бүкіл ауданы бойынша желімдеу қажет.

ПВХ жабындарды төсеу

Жабын кем дегенде 8 сағат ішінде алдын ала жатып тынығу керек.

ПВХ жабындарды немесе ПВХ тұратын төсеніші бар тоз жабындарды төсеген кезде желімді А2 немесе А3 тісті қалақшасы көмегімен жағады. Жабынды төсеуге желімді жаққаннан кейін 10-15 минуттан кейін кіріседі.

Тігістерді дәнекерлеуді жабынды төсегеннен кейін кем дегенде 24 сағат өткенде жүргізуге болады.

Тоқыма жабындарды төсеу

Тоқыма жабындарды төсеген кезде желімді В1 немесе В2 тісті қалақшасы көмегімен (жабынның теріс жағының құрылымына байланысты).

Жабынды төсеуге кіріседі:

- бу өткізгіштігі жоғары жабындар үшін желімді жаққаннан кейін 5-10 минут өткенде;
- бу өткізгіштігі төмен жабындар үшін желімді жаққаннан кейін ~ 15 минут өткенде;

Жаңа жағылған желім сумен оңай жуылады, көпкенді - тек механикалық әдіспен кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жабындарды UK 400 желімі көмегімен төсеуді ауа және негіздің температурасы +15 - +30°C болған кезде және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 75% аспаған кезде орындау керек. Жоғары берілген барлық ұсынымдар +23 °C температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 55% болған кезде тиімді.

Henkel

Качество для Профессионалов

Желімнің кебу уақыты негіздің температурасына, ылғалдылығына және сіңіру қабілетіне байланысты.

Едендік жабындарды жылытылатын тұтастырғыштарға төсеу алдында жылыту кем дегенде 10 күн жұмыс істеуі тиіс. Желімді жағу және кебу кезеңінде негіздің температурасы +18°C деңгейінде ұсталуға тиіс. Температура осы деңгейде жабынды төсегеннен кейін кем дегенде 3 күн ішінде сақталуға тиіс.

Егер ұзақ сақталғаннан кейін желімнің бетінде полимер үлдір пайда болса, оны желімнің негізгі массасымен араластырмай ақырын жою керек.

Желімнің қалдықтарын кәріз жүйесіне ағызуды болмайды!

ЕСКЕРТУЛЕР

Материалды қолдану тәсілдері туралы жоғары берілген ақпараттан басқа, онымен жұмыс істеген кезде цемент материалдармен жұмыс істеу бойынша жалпы нұсқаулықтарды басшылыққа алу керек.

Едендердің жобалауын және құруын МДС 31-12.2007 «Хенкель Баутехник» фирмасының материалдары қолданылған тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттардың едендері» сәйкес орындау керек.

Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.

Материалдың нақты қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе дайындаушыдан кеңес алу керек.

Жоғары берілген ақпарат, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіз бола алмайды.

Осы техникалық сипаттама пайда болған сәттен бастап барлық алдағы сипаттамалар жарамсыз болады.

Сақтау және тасымалдау

Қымтаулы қаптамада, құрғақ салқын жерде - дайындалған күннен 12 айдан асырмай сақтаңыз.

Желімді тасымалдауды және сақтау 0°C төмен емес температурада жүзеге асыру керек.

-20°C төмен емес температурада 5 қысқа мерзімді қатуға (бір аптадан ұзақ емес) дейін рұқсат етіледі.

ҚАПТАМА

UK 400 желімі 7 кг пластик ыдыстарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

UK 400 құрамы:	органикалық және бейорганикалық үстемелер бар акрил сополимерлердің су
Тығыздығы:	~ 1,45 кг/л
Түсі:	ақ
Физикалық күйі:	паста
Желімді алдын ала кептіру уақыты:	5-15 минут
Ашық уақыты:	20-25 минут
Жүктеме салу мүмкіндігі:	24 сағаттан кейін
Желімдеудің ең жоғары беріктігіне жету:	72 сағаттан кейін
Аунақшалардағы орындықтарды пайдалану:	жол беріледі
Тасымалдау және сақтау температурасы:	0-ден + 50°C-ге дейін (-20°C төмен емес температурада 5 қысқа мерзімді қатуға дейін рұқсат
Қолдану температурасы:	+15-тен +30°C дейін
Пайдалану температурасы:	+50°C дейін
Ылғалға төзімділігі:	ылғалға төзімді
Жағу кезінде UK 400 шығыны:	
A2 қалақшасымен	~ 300 г/м²
A3 қалақшасымен	~ 350 г/м²
B1 қалақшасымен	~ 400 г/м²
B2 қалақшасымен	~ 550 г/м²